

“Жаксыбайкөл негізгі мектебі” КММ

2024-2025 оқу жылында 6 сыныпта жүргізілген тәрбие жұмысының
талдауы

Сынып жетекшісі: Аман Г

2024-2025 оқу жылы бойынша 6 сыныбында жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы.

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу-барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз-жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтарымен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» - «Қағидамыз-әділдік, тірегіміз-жауапкершілік, мақсатымыз-өрлеу» ұстанымына негізделеді. Әр айдың іс-шаралары:

“Менің Қазақстаным”-оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар ҚР-ның әнұранын орындайды.

“Қауіпсіздік сабағы”

“Ұлттық ойын-ұлт қазынасы”

“Өнегелі 15 минут”

“Үнемді тұтыну”

“Күй күмбірі”

2024-2025 оқу жылында 6 сыныбында 8 оқушы болды. Оның 5-ұл балалар, 3-қыз балалар. Әлеуметтік құрамы орташа, материалды жағынан жеткілікті қамтылған. Сынып оқушылары ұйымшыл, бір-бірімен жақсы араласты. Жылдық қорытынды бойынша озат оқушы саны 2, жақсы оқитын оқушы саны 2, қалған оқушылар орташа көрсеткіш көрсетті. Сыныптағы 6 оқушы «теннис» үйірмесіне, 4 оқушы «Ұшқыр ой» дебат үйірмесіне, 3 оқушы «Қылқалам» үйірмесіне қатысты. Сыныптан тыс жұмыстарды сынып жетекшісінің көмегімен көбінесе топ басшысы мен тәрбие секторы ұйымдастырып отырды. Сынып оқушылары мектепшілік конкурстар мен сайыстарға, мерекелік шараларға, сыныптан тыс жұмыстанға бірлесе, бірігіп белсене қатысты.

Құжаттармен жұмыс. Жыл басында оқушылар өз деңгейі бойынша партаға орналастырылып, мүлікті сақтау мақсатында орындықтар мен парталар бекітіліп берілді;

-мектеп әкімшілігі бекіткен сабақ кестесі толтырылды.

-сабақ қатысымы туралы талаптар ескертілді;

-тоқсан сайын жеке құжаттар толтырылып, рәсімделіп отырылды;

Сыныптағы тәрбие жұмысы

2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысының мақсаты «Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткені мен

бүгінінің құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты, білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру».Сыныпта жоспарланған тәрбие сағаттары уақытымен өткізіліп отырды. Сынып белсенділері өздеріне міндеттелген жұмыстарын саналы түрде орындады. Тәрбие жұмысын сынып болып, бірлесе атқарады. Сыныпта ауызбіршілік, бірлік, татулық сияқты қасиеттер орын алған.Сынып оқушылары мектепшілік шараларға, акцияларға белсене, қатысу арқылы биге, әнге деген қабілеттерін жақсы көрсетті.

Сынып сағаттары өткізілген:

1. Қыркүйек айында

1 қыркүйек білім күні “Менің Отаным Қазақстан”, қауіпсіздік сабағы “Жедел қызмет нөмірлері”

“Отбасындағы сыйластық”. “Буллингтен қорған!” қауіпсіздік сабағы. “Еңбегі адал жас өрен” жобасы “Еңбек түбі береке”.

2 Қазан айында

Тәуелсіздік және отаншылдық

1 қазан-Халықаралық қарттар күні

5 қазан -Мұғалімдер күні

24 қазан- Кітапханашылар күні

25 қазан Республика күні.

“Қамқор” жобасы “Қоғамға қызмет ету” волонтерлық қызмет, “Жол-көлік оқиғаларының себептері” ЖЖЕ, “Ұстазым-ұлағатым,үлгі өнегем!”, “Еңбегі адал жас өрен” жобасы , “Қазақ елі менің- Отаным”.

Қараша айында

Қараша айы-әділдік және жауапкершілік айы. “Адал азамат-Адал еңбек-Адал табыс”,15-қараша Ұлттық валюта-теңге”, “Буллингтен қорған!” “Жол таңбаларының мақсаты” ЖЖЕ№3

Желтоқсан айында

Желтоқсан-бірлік пен ынтымақ айы 5 желтоқсан-Дүниежүзілік Еріктілер күні,16 желтоқсан-ҚР Тәуелсіздік күні. “Табиғатқа қамқорлық жасаймыз” акциясы . “Тәуелсіздік-теңдесі жоқ байлығым” “Қосымша секциялары бар бағдаршам белгілері” ЖЖЕ №4

Қаңтар айында

Қаңтар-заң және тәртіп айы. 1 қаңтар- Жаңа жыл. “Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!” “Заң және тәртіп құндылығы” ЖЖЕ №5

Ақпан айында

Ақпан-жасампаздық және жаңашылдық “4 ақпан-Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні” “Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам”, Қауіпсіз қоғам “Жол белгілері және олардың мақсаты” ЖЖЕ №6

Наурыз айында

“Алғыс-ізгі ниет”, “Жүргізуші еңбегінің ерекшеліктері және оның негізгі міндеттері, Заманауи көлік-жоғары қауіптілік аймағы қоғамдық көлік ” ЖЖЕ №8, “Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы” “Наурыз- жыл басы” “ЖҚЕ негізгі түсініктері мен терминдері” жжж №7

Сәуір айында

“7 сәуір- Дүниежүзілік денсаулық күні”, Өмірге салауатты қадам

Мамыр айында

Мамыр-бірлік және ынтымақ айы, “Біз әртүрліміз, бір теңбіз” “Буллингтен қорған” “Жарақаттанғанда, жаралап алғанда алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану” ЖЖЕ №9, Қауіпсіз қоғам, “Білімім -Отаныма” Велосипедте жүру ЖЖЕ №10 тақырыбында тәрбие сағаттары өтті.

Қосымша бағыттар бойынша. Сыныптан тыс жұмыс Ата-аналармен байланыс Жыл басында ата-аналарымен танысу үшін анкеталар толтырылып, ата-ананы үнемі тыңдап, көмекші болу керектігін оқушылар білді. «Мектепке жол» акциясы, оқушылардың өз отбасын, туған-туысын құрметтеу, ата-анасын қадыр тұту олар қамқоршы деген ұғымды терең түсіну, айналадағы қоршаған ортамен жақсы қарым-қатынаста болу мақсатында «Ана-мәңгілік шуақ төккен ғасырларға» тақырыбында тәрбие сағаттары мен танымдық сағаттар өтті. Жыл басынан бері ата-аналармен ата-аналар жиналысы болды. Жиналыстарда «Отбасы -бақыт бесігі» тақырыбында сауалнама, Ата-аналарды педагогикалық қолдау, “Дені сау ұрпақ үшін, дені сау отбасылар” ата-аналармен байланыс ұлғайту. «Мектептің ішкі тәртіп ережелері», « Қауіпсіздік ережесін біліп жүрейік», «Балаңызды жақсы білесіз бе?», « Қыз бала мен ұл баланың тәрбиесі», «Жазғы демалысты ұйымдастыру», «Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері» тақырыбында баяндамалар оқылды, тестік тапсырамалар дайындалды, ойындар ойнатылды, тренингтер сондай-ақ ағымдағы мәселелер бойынша ата-аналар комитеті сайланды. Оқушылардың жалпы сабаққа қатысымдары, оқу үлгерімі, тәртібі қаралды. Баланы сабақтан себепсіз қалдырмау, оқу үлгерімін үйден де қадағалап отыру керектігі айтылды. Жиналыстар өз уақытында өткізіліп, ата-аналарға мектептің ішкі тәртібі жөнінде, жалпы ата-аналардың оқу-тәрбие саласындағы рөлі (жауапкершілік, балаға уақыт бөле алу, мұғаліммен бірігіп жұмыс жасау) қаралды.

2024-2025 оқу жылы оқушылардың жетістіктері:

1. Орынтаева Айсұлу- “АҚБОТА” зияткерлік олимпиадасының қатысушысы **II дәрежелі ДИПЛОМ**

2.Орынтаева Айсұлу-5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі бойынша ағылшын пәнінен **МАҚТАУ ҚАҒАЗЫ**

1. Боранғалиев Досбол- мектепшілік теннис жарасында белсенділік танытқаны үшін **АЛҒЫС ХАТ**

2. Боранғалиев Досбол- АСЫҚ АТУ жарысынан **II орын ГРАМОТА**

3. Айсина Нұрай-республикалық эссе байқауы “Қазақстан дарыны” номинациясы бойынша **II дәрежелі ДИПЛОМ**

4. Айсина Нұрай- “Бес асық” жарысында жүлделі орын **ДИПЛОМ**

5. Айсина Нұрай- 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі бойынша қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінен **III орын ДИПЛОМ**

6. Сағадат Нұрасыл-5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі бойынша математика пәнінен **МАҚТАУ ҚАҒАЗЫ**

7. Сағадат Нұрасыл- теннис жарысынан **II орын**

8. Әлім Айсұлтан - “Jas Skills” байқауы **СЕРТИФИКАТ**

9. Әлім Асылжан-теннис жарысынан **I орын**

10.Әлім Айсұлтан-теннис жарысы **АЛҒЫС ХАТ**

11.Сағадат Нұрасыл- мектепшілік эссе байқауы “Үздік эссе” номинациясымен **ГРАМОТА**

12.Сағадат Нұрасыл- мектепшілік мәнерлеп оқу сайысы **II орын**

Қорытынды: Оқу жылында білім беру процесінің барлық қатысушыларымен өзара іс-қимылды жүзеге асырудың оң тәжірибесі жинақталды. Оқушылардың оқу және оқудан тыс іс-әрекетке саналы көзқарасын қалыптастыруды, сынып пен мектептің өміріне қызығушылық танытудың , оқыту мен тәрбиелеу процесіне оң көзқарасты атап өтуге болады.Жақсы нәтижелерге қол жеткізудің көрсеткіштері қызметтің барлық түрлеріне қызығушылықтың артуы оқу және сабақтан тыс іс-шаралар процесі мен нәтижелеріне бей-жай қарамау, барлық іс-шараға қатысу белсенділігі болып табылады. Оң нәтижелерге сыныптың ата-аналарымен ынтымақтастық пен мүдделі қарым-қатынастың жақсаруы жатады.Сыныптағы тәрбие жұмысына талдау оқу жылы ішінде оқушылармен сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыруда, оқушылармен жұмыс жасауда оң тәжірибе жинақталғанын көрсетті.